



EGEMEN QAZAQSTAN

Ресейде оқыған қазақ өнерпаздары мұрағатын түгендеуге не кедергі?

Еліміз тәуелсіздік алғалы төл тарихымызға қызығушылық артып, өткен күндердің талай қатпарлы беттері ашылды. Арнайы мемлекеттік бағдарламалар түзіліп, алыс-жақын шетелдердегі баға жетпес құнды мұраларымызбен қауыштық. Кеңестік дәуірдің идеологиялық көзқарасына қайшы келетін небір құнды құжаттар мен рухани әлемімізді байытатын мұраларымыз еліміздің, халқымыздың мәдени-рухани айналымына қайта еніп, көптеген жаңалықтың беті ашылды десек те, әлі де толыққанды игерілмей жатқаны қаншама? Кеңес Одағы тұсында Ресейдің айтулы білім ордаларында Қазақстаннан кімдер оқыды, белгілі тұлғалардың шетел архивтерінде сақталған құжаттарына қол жеткізуге не кедергі болып отыр? Ресей архивтеріндегі осы және басқа да өзекжарды мәселелер туралы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Театр және кино бөлімінің меңгерушісі, өнертану кандидаты Аманкелді МҰҚАН баяндайды.



– Еліміздің өнері мен мәдениетіне байланысты сондай деректердің басым бөлігі Мәскеу мен Санкт-Петербургтің (Ресей) мұрағаттары мен мұражайларында сақтаулы. Өйткені бұл қалалар ХХ ғасырдың 30-40-жылдарында Қазақстанның саяси-мәдени дамуына ерекше әсер етті және маңызды рөл атқарды. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің кәсіби өнері мен мәдениеті саласындағы зор жетістіктеріміз сол кезде орыс-кеңес мәдениетінің ықпалымен іргесі қаланып, биік белестерді бағындырды. Еліміздің түкпір-түкпірінен іріктелген көптеген талантты қазақ жастарының тағдыры, студенттік өмірі мен шығармашылығы осы қалалармен, ондағы ірі өнер ордаларымен, ЖОО-мен тығыз байланысты еді. Қазақ өнері мен мәдениетінде есімдері ерекше аталатын Мұқан Төлебаев, Ришат және Мүсілім

Абдуллиндер, Кәукен Кенжетаев, Шабал Бейсекова, Асқар Тоқпанов, Хадиша Бөкеева, т.б. көптеген таланттар шоғыры осы қалаларда өнер-білімге сусындап, үлкен шығармашылыққа жолдама алды. Мұндайда қарапайым қазақтың қара домалақ балалары дамыған, еуропалық үлгідегі елден не үйренді, кімдерден тәлім-тәрбие алды, кімдермен сырлас-сыйлас болды, өнер жолында қандай жетістіктерге қол жеткізді деген сипаттағы сан түрлі сұрақтың қойылуы заңды. Белгілі өнер майталмандарының естелік-эсселерінде олардың жалын атқан жастық шағы сағынышпен, ерекше сезіммен еске алынады. Бұл жазбалар арқылы олардың кәусар шағы жайында азды-көпті мағлұматымыз бар. Асқар Тоқпанов пен Кәукен Кенжетаев ағаларымыздың студенттік кездері туралы ғибратты әңгімелерін өз ауыздарынан естіп, жазбаларын құныға оқыдық. Мұнда олардың Мәскеу мен Ленинградтың (Санкт-Петербург) кәсіби өнерге баулитын айтулы білім ордалары – консерватория мен театр институтында оқып жүрген кездеріндегі небір қызықты оқиғалары баяндалады, орыс тілін жетік білмеуден өмірде көп қиналғандығы және сол тығырықтан шығу ерліктері тәнті етеді. Жоғарыда аттары аталған тұлғалар – қазақ ұлттық өнері тарихында есімдері алтын еріппен жазылып, ел аманатын абыроймен орындап қайтқандар.

Ал енді қазақы тәрбиемен өскен қалған саңлақтарымыз жайлы не білеміз? Олардың рухани орталықтағы жастық кезеңі несімен ерекшеленді? Өнер бәсекесіндегі бәсі қалай болды деген мәселені қаузап түссеңіз, мұрағатқа иек артпай тұра алмайтыныңыз анық. Өткен ғасырдың 30-шы жылдары Ресейге Қазақстаннан білім қуып барған өнерлі жастарды түгендеу барысында олардың нақты санын білмей, дал болғанымыз рас. Майталман аға-апаларымыз жайлы мұндай тың деректер бізге болмағанмен, кейінгі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ауадай қажет деп санаймыз. Сол үшін Мәскеу мен Санкт-Петербург қалалары білім ордаларының архивтерін бетке алуымызға тура келген.

Шын мәнінде адам үшін оқу орындары қабырғасында өткен кезең мен кәсіби шеберлікке баулитын ортаның ықпалы орасан зор болмақ. Тарих пен ел руханияты үшін бір жапырақ қағаздың өзінің маңызы ерекше. Біздің қазіргі іс-әрекетімізді құрақ көрпені өрнектеген шебердің тіршілігіне ұқсатамын, өйткені қазақ өнерінің өткен ізі мен белгі-бедерін қайта қалпына келтіру үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл қазақ кәсіби өнері мен мәдениетінің негізін қалаушы шоғыр алдындағы азаматтық парызымыз саналады. Сондықтан Қазақ ұлттық опера студиясының оқу-шығармашылық бағдарламасымен танысуды, құжаттарды тірнектеп жинақтау мен зерттеуді мақсат тұттық. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында архив құжаттарын бүгінгі таным тұрпатында қайта сұрыптап, жаңаша сараптауымыз қажет. Әрі бұл екі ел арасындағы мәдени-рухани байланысты дамытуға қозғау салатын іргелі құнды еңбек болмақ.

Осыған орай өткен жылғы қазанның 1-5-і күндері аралығында Мәскеу қаласына арнайы іссапармен барып, П.И.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясы (ММК) архивінде болдық. Мақсат қазақ өнері мен мәдениетінің бірегей тұлғалары білім алған оқу орындарымен шығарма-

шылық байланыс орнатып, аға буын ұрпақтың өмірі мен шығармашылық ізденістері туралы толығырақ мағлұмат жинақтау болатын. Ресей астанасындағы архив пен мұражайларды осы аралықта толық аралап, ресми мекемелердің құжаттарымен жете танысу мүмкін емес еді. Десек те осы ниетіміздің өзін істің басы деуге толық негіз бар. Енді осы бастама әрі қарай қалай жалғасады, ол үшін не істеуіміз керек? Әңгіме – сонда.

Жолға шығудан екі апта бұрын ММК архивінің меңгерушісі Т.Н.Трушковаға алдын ала ресми хат жолдаған болатынбыз. Онда өзімізге қажет құжаттардың тізімін, тағы да басқа тың дерек көздерін көрсетуді сұрадық. Алайда консерваторияның архивінен қажет құжаттарға қол жеткіземіз деп аптығып барған көңіліміз алғашқы күні-ақ су сепкендей басылды. Мұнда II дүниежүзілік соғыс басталғанға дейінгі оқыған санаулы-ақ студенттің жеке іс-қағаздарынан басқа Қазақ ұлттық опера студиясы атты оқу бөлімшесі жайлы құжат атымен жоқ болып шықты. Бүгінгі таңда мұрағат сандық форматқа көшіріліп, осы бағытта біраз жұмыстар істеліп жатқан көрінеді. Бірнеше бумадан тұратын түрікмен, қырғыз, татар, өзбек студияларының құжаттары бар да, ал осы үлгіде көреміз деп үміттенген қазақ студиясының құжаттары табылмады. Туыстас ұлттық студиялар құжаттарының жып-жинақы сақталып, керісінше қазақ студиясына қатысты материалдардың ұшты-күйлі жоғалып, табылмағаны бізді қатты ойға қалдырды. Архивтегі дерек жазылған тізім мен тіркеу журналдарын бірнеше бағытта мұқият қарастырып көргенімізбен нәтиже шықпай салымыз суға кетті. Бар тапқан олжамыз – 1936-1939 жж. аралығында консерваторияға студент болып қабылданған қазақстандық 29 студенттің жеке бастарына қатысты іс-қағаздары ғана. Бұлар – оларға берілген әртүрлі бастауыш, арнаулы орта білімі туралы анықтамалар, Қазақстан оқу-ағарту комиссариатының арнайы комиссиясы шешімімен талапкердің Мәскеу консерваториясына жолданғандығы жайлы анықтамасы, жол қаражаты мен тамағына деп бөлінген қаржы мөлшері, консерваториядағы Қазақ ұлттық опера студиясының директоры атына оқуға қабылдау туралы өтініштері, оқу үлгерімі, сабаққа келмеуі, үлгермеуі жайлы түсінік хаттар, ескертпелер, денсаулығына байланысты, қорытынды бағалары жайлы т.б. анықтамалар. Бұл да болса аз олжа емес деуіңіз мүмкін. Солай бола тұра, бұл сондағы өзге ұлттық студиялардың іс-қағаздары сияқты қомақты, толық папка емес, жекелеген адамдардың құжаттары ғана. Тізімдегі студия шәкірттерінің басым бөлігі әртүрлі себептермен (денсаулығы, отбасылық, жұмыс бабымен, кәсіби біліктілігі жетпей т.б.) оқуды аяқтамаған. Сол себепті ол құжаттар арқылы Қазақ ұлттық опера студиясының жұмысы жайында толыққанды ақпарат алу мүмкін емес еді. Ал біз жолығып әңгімеге тартқан архив қызметкерлері «барымыз осы» деуден басқа түк айта алмады. Өкінішті-ақ! Әйтпесе қазақстандық қаншама талантты жас мұнда білім алды емес пе? Бұл не сонда, студия жұмысының салғырттығы ма, әлде басқа себебі бар ма?!

Алайда қазақтың танымал композиторы Мұқан Төлебаевтың жеке папкасын алып келгенде төбеміз көкке жеткендей қуандық. Композитордың консерваторияда соғыстан кейінгі жылдары оқыған құжаттары ғана екен. Сол

сияқты 1936 жылы Мәскеуде оқыған, соғыс басталған соң майданға кеткен немесе елге оралған алдыңғы лектегі танымал тұлғаларымыздың папкаларын да көре алмадық. Бұлар архивтің негізгі тізімінен де, қосалқы тізімінен де кездеспеді. Соған қарамастан М.Төлебаевтың құжатын ақтара отырып зерттеушілер үшін қызықты біраз дерекке тап болдық. «Біржан – Сара» операсы үшін Кеңес Одағының ең үлкен марапаты – Сталиндік сыйлықпен марапатталып, соғыстан үзіліп қалған Мәскеу консерваториясындағы оқуын қайта жалғастыруға шешім шығарылады. Сондай-ақ республикалық деңгейдегі түрлі маңызды іс-шараларға қатысуына байланысты өзінің сабаққа, сынақтарға дер кезінде қатыса алмауына байланысты емтиханды кейінге шегеру туралы, стипендиясын қалдыруды сұраған өтініш хаттары мен республиканың ресми басшылары атынан консерватория басшылығына жолданған жеделхаттар табылды.

Қолымызға тиген құжаттардың бәрін біртіндеп қарап шықтық. Уақыт өте сарғайған, бүктесең сынып кетуге шақ тұрған қағазда тұтас бір адамның ғұмыры жайлы сыр шертер құнды деректер тізілген. Студенттердің жеке іс-құжаты сақталған 1936 жылғы папкаларды ақтарғанда толқып кеттік, сан түрлі тағдыр иесімен тілдескендей күй кештік. Сонау жылдар елесі көз алдымызда көлбеп, қазақстандық студенттердің беймәлім ортаға бейімделуі мен консерваторияның күрделі оқу бағдарламасына, шығармашылықтың қыр-сырын игерудегі талпыныстарына қанықтық. Арасында өрімдей талантты қыз-жігіттердің 2-3 жыл оқып, кейін кәсіби әншілік өнерге «жарамай», қайраңға соғылған қайықтай қираған ауыр тағдырлары да жолықты. Алақандай қағазда алмағайып тағдырлар бейнесі сынаптай сырғиды. Мәскеу консерваториясына қабылданған біреулері оқуға елден кешігіп келе алмай жатса, енді бірде трагедиялық сәттерге куә боласың. Солардың ішінде Қазақ ұлттық опера студиясының бөлім меңгерушісі Л.Берманның 1938 жылы 23 қарашада ҚазССР уәкілі (Полпредство) Корябкинге жазған хатындағы: «22-го ноября умер ребенок студентки Казахского отделения МГК Уралбековой. Родители ребенка подозревают, что он отравлен сожигательницей по комнате гр. Мельниковой. В настоящее время выяснением обстоятельств смерти ребенка заняты органы Уголовного Розыска», – дей келіп, – «Прошу Вас оказать материальную помощь студентке Уралбековой для похорон ребенка» – деген жолдарды оқығанда жан түршікті. Консерваторияда оқып жүргенде өзін әртүрлі қырынан таныта алған белсенді студент Жұматай Ақатовтың өз еркімен оқудан кететінін сұрап консерватория директоры (ректоры) В.Н.Шацкойға жазған өтініш хаты да назар аударарлық. «Я убедился в том, что у меня только лишь посредственные музыкальные способности, что далеко недостаточно для посвящения себя музыкальной науке. Тем более я имею большую способность по драматической линии. Это показал конкурс Московских чтецов, где я занял не последнее место. Вот, теперь я хочу, да и необходимо перейти в эту отрасль искусства, ибо дальнейшее оставание в стенах консерватории – считаю бесполезным и для себя и для государства», делінген әлгі қағазда. Бұдан өз қабілетін түрлі салада сынап көрген жастың

мамандық ауыстыруға біржолата бел шешкенін көреміз. Әр студенттің іс-қағаз папкасынан осындай өмірлік маңызы бар детальға толы деректер, студенттердің оқу үдерісі кезіндегі вокал, фортепиано т.б. арнайы музыкалық пәндер бойынша оқытушымен қарым-қатынасы, жатақханадан орын алуға, денсаулығына, сабаққа келмеуіне байланысты анықтама қағаздары, жеке бастарының проблемалары сынды қилы-қилы қисындар кезігеді. Алматыда көп талапкердің ішінен таңдалып оқуға жіберілген жастарды Үкімет қараусыз қалдырмаған. Барынша қолдау білдіріп, оқу үлгерімін бақылап отырған. Алайда соған қарамастан кейбір үлгерімі нашар студенттерді оқудан шығару фактілері де арагідік көзімізге шалынды.

Консерваторияның Қазақ ұлттық студиясы негізінен опера сахнасы әнші-орындаушыларын дайындады. М.Төлебаев секілді таланттар бірер жылда-ақ көп еңбектенуді талап ететін музыка теориясы және композиция бөліміне ауысып кетті. Ал опера әншісіне тән дауыс мүмкіндігі жоқтар хор дирижері немесе музыкатану секілді теориялық мамандықтарға ауысуға мәжбүр болған екен. Бірақ ол мамандықтарға арнайы комиссия алдында сынақтан өтіп барып ауысуға рұқсат етілген. Хормейстер, музыкатанушы мамандығына қажет талап деңгейінен көріне алмаған жастарға оқуларын Алматы музыкалық техникумында аяқтауға мүмкіндік беріліпті. Консерваторияда оқыған 3-4 жылда музыкалық пәндерді жақсы меңгерген студенттердің алды Алматы музыкалық техникумына арнайы музыкалық пәндердің оқытушылары болып жұмысқа орналастырылды. Сонымен бірге музыканттардан гөрі драма театрына, актерлік немесе режиссураға ыңғай танытқан Ж.Ақатов секілді жігіттер мен қыздардың Мәскеудегі екінші ірі оқу орнына ауысуы да ішінара кездесіп қалып жатқан.

Ресей театр өнері академиясы (РТӨА) (бұрынғы Луначарский атындағы ГИТИС) өнер саласындағы мамандарды даярлайтын танымал ЖОО болып саналады. Шығармашыл талай дүлдүлге жолдама берген бұл институттың қазақ сахна өнері үшін орны алабөтен. Оқу орны 1935 жылдан бері қаншама талантты сахна шеберлерінің қанатын қатайтып, қазақ драма театры мен кино өнерін кәсіби білікті режиссерлермен, актерлер мен балетмейстерлермен қамтамасыз етті. Сондықтан біз де осы жерден іздеген жоғымызды табуға ниеттендік. Академияның шаң басқан архивінде Қазақстанға қатысты құжаттардың болуы әбден заңды да. Өйткені бұл жерден түлеп ұшқан танымал қайраткерлер аз емес. Олар – осында майталман әртістер мен педагогтерден оқып, қазақ кәсіби сахна өнерінің тарихын жасаған тұлғалар. Өкінішке қарай, түрлі себептерге байланысты РТӨА архивіндегі мұрағатқа қол жеткізе алмадық. Жалпы мәселелер бойынша проректор Георгий Викторович Тарасовтың қабылдауында болғанда осы мәселені алға тарттық. Академия архивінде жүйелі жұмыстың жоқтығынан мұрағаттық құжаттар буылып-түйілген күйі сөрелерде жатқан көрінеді. Сандық форматқа көшірілмеген. Ол бізге өткен ғасырға тиесілі құжаттарды дәл қазір алу мүмкін еместігін жеткізді. Проректор Қазақстанның Ресейдегі елшілігімен тығыз байланыста екендіктерін, елшілік тарапынан өтініш жазылса, бұл іс шешімін табатынын жеткізді. Бізге оның идеясы өте ұнады

және көп ұзатпай Қазақстанның Ресейдегі Төтенше және өкілетті елшісі Иманғали Тасмағамбетовке Мәскеу мен Санкт-Петербургтің архивтік қорындағы Қазақстан мәдениеті мен өнеріне қатысты материалдарға қол жеткізуге көмектесуін сұрап, Институт директоры атынан жазылған өтініш хат елшіліктің электронды поштасына жіберілді. Әзірге соның нәтижесін күтіп жүрген жайымыз бар.

Ресей астанасындағы құнды құжаттардың көшірмесін алу тұтастай алғанда, қазақ кәсіби театры мен музыка өнерінің негізін қалаушы дара тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын танып білуге, қосымша деректерді ашуға көп көмек болар еді. П.И.Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясы, Ресей театр өнері академиясы және Санкт-Петербургтегі Ресей мемлекеттік сахна өнері институтының (ЛГИТМК) архивінде сақталған қазақ сахна өнері мен өнерпаздарына қатысты құжаттарды ғылыми айналымға енгізу – уақыт талабы. Бұл іс келешек мамандар үшін де баға жетпес байлық ретінде құнды деп білеміз. Сондықтан бізге қазір ресми мекемелер мен белсенді азаматтардың қолдауы мен көмегі ауадай қажет болып тұр.

Жазып алған **Қарашаш ТОҚСАНБАЙ**